

AI + Кітапхана = Жаңа көкжиектер

Жасанды интеллект – қазіргі замандағы технологиялардың ең ірі жетістіктерінің бірі. Ол адамның ақыл-ойының функцияларын компьютерлік жүйелер арқылы орындауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда ЖИ қосымшасы түрлі салаларда қарқынды дамып, біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды.



Мен Гүлжаухар Сейлханова және Роман Грибовский Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлері, Қостанай қаласында өткен «AI+Кітапхана=Жаңа көкжиектер» атты жасанды интеллект курсына қатысып, тәжірибе алмасып, жаңаша білім алдық.

Жасанды интеллект бойынша курс сабақтарын Нұржан Жолдыбалинов пен Самир Керимов жүргізді. Сабақ барысында тақырыптар өте түсінікті, жүйелі және нақты мысалдар арқылы жеткізілді. Оқытушылардың кәсіби деңгейі мен меңгерту тәсілі жоғары болды. Білім алушыларға мардымды жаңалықтар алып келді. Курс барысында жасанды интеллекттің кітапхана қызметіне әсері оның қолданылу мүмкіндік-

тері және ақпараттық жүйелерге ықпалы қарастырылды. Жасанды интеллекттің көмегімен кітапханалар дәстүрлі қызметтерін цифрландыру мен автоматтандыру арқылы жаңартып, пайдаланушыларға сапалы әрі жедел қызмет көрсететінін ұғындырды. Курстың алғашқы күні теория жүзінде болса, екінші күні практикалық түрде өткізілді. Біз Gemini қосымшасымен таныстық. ChatGPT қосымшасымен салыстырмалы талдаулар жасадық. Gemini қосымшасы көптеген мүмкіндіктерге ие. Көздің жауын алатын заманауи үлгідегі кітап дайындап бере алады. Маған сабақтың осы тұсы ерекше қызықты болды. Себебі бұл бөлімде ойым кеңейіп, шығармашылыққа шабытым ашылды. Google AI Studio мен Grok қосымшалары жасанды интеллекттің көмегімен

шынайы өмірге ұқсас, креативті видеоларды дайындай алады. Бізге сабақта видео тапсырмасын ұсынып, сабақтың екінші күні тамашалап, ең керемет жасалған жұмыстарды талқыладық. Сабағымыз әрі қарай қыза түсті. Барлығымызға тағаларлық Suno атты қосымшасымен таныстық. Ол әуен мен ырғақты үйлесімді сабақтастырып, тыңдаушының жан дүниесіне әсер ететін әсем музыкалық туындыларды автоматты түрде шығарып беріп отырды. Бұл платформа кез келген идеяны әуезді өнерге айналдыруға жол ашады. Жасанды интеллект бізді өзіне қарай қызықтыра түсті. Spatial атты қосымшасы да осал емес. Тек компьютермен ғана орындалатын жүйе. Бұл жүйелерді практика жүзінде үйрену үшін міндетті түрде ноутбук, компьютерді қолданған

дұрыс. Міне, біз өзімізге қажетті керемет білім ала алдық деп есептейміз.

Курс барысында біз жасанды интеллекттің тек техникалық салада ғана емес, кітапхана қызметі үшін де аса қажет әрі маңызы зор екенін терең түсіндік. Курстың мән-мағынасын аша білген Нұржан Нұрланұлы мен Самир Пириевич ұстаздарға алғысымыз шексіз. Аталған курс бізге ерекше әсер қалдырды. Алған біліміміз бен тәжірибеміз болашақ қызметімізде аса қажет болатынына толық көз жеткіздік. Курстың мазмұны бізге өте ұнады және болашақта заманауи кітапханашы ретінде дамуға қажетті білім берді.

**Гүлжаухар
СЕЙЛХАНОВА,
№ 2 ОӘФК «Өнер»
секторының
кітапханашысы**